EKG951108X



KK	Пеш	Қолдану туралы нұсқаулары	2
RU	Кухонная плита	Инструкция по эксплуатации	32

Electrolux

МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ..... 3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ..... 4
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ..... 8
4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН..... 9
5. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ..... 10
6. ПЕШ - АҚЫЛ-КЕҢЕС..... 11
7. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ..... 11
8. ТҰМШАПЕШ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ 12
9. ТҰМШАПЕШ - САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ..... 15
10. ТҰМШАПЕШ - КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ..... 15
11. ТҰМШАПЕШ - АҚЫЛ-КЕҢЕС..... 15
12. ТҰМШАПЕШ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ..... 19
13. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ..... 21
14. ОРНАТУ..... 23

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.
Electrolux әлеміне қош келдіңіз.
Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:

Пайдалану туралы ақпарат, кітапша, ақаулықты түзету, қызмет ақпаратын мына жерден алыңыз:
www.electrolux.com/webselfservice

Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.registerelectrolux.com

Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.
Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.
Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.

⚠ Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты

ⓘ Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

⚠ **ЕСКЕРТУ!**
Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе кемтар болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген адамдар не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы немесе құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе қолдануына болады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ол суып тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз. Қол жететін бөлшектері ыстық.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Тек білікті маман ғана осы құрылғыны орнатып, сымын ауыстыруға тиіс.
- Құрылғыны сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен басқармаңыз.

- Май немесе өсімдік майы қосылған тағамды пештің үстіне қараусыз қалдыру қауіпті және өрт шығуы мүмкін.
- Өртті ешқашан сумен сөндіруге әрекет жасамаңыз, бұндай жағдайда құрылғыны сөндіріп, содан кейін жалынды қақпақ немесе өрт басқыш көрпе тәрізді затпен жабыңыз.
- Пісіру алаңына зат сақтамаңыз.
- Құрылғыны бумен тазалау құралын пайдаланып тазаламаңыз.
- Пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ тәрізді темір заттарды пештің үстіне қоймаңыз, себебі ысып кетеді.
- Ашатын кезде қақпаққа төгілген затты тазалаңыз. Қақпақты жабар алдында пештің үстін салқындатып алыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының ішкі жағы ысып кетеді. Құрылғының ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол тигізбеңіз. Керек-жарақтарды немесе ыдыстарды алып-салған кезде үнемі қолғап киіңіз.
- Күтім көрсетер алдында электр желісінен ажыратыңыз.
- Электр қатеріне ұшырамау үшін шамды ауыстырар алдында құрылғыны сөндіріп қойыңыз.
- Шыны есікті тазалау үшін қатты жеміргіш заттарды немесе өткір темір құралдарды пайдаланбаңыз, себебі сызат түсіп, шыны шытынап кетуі мүмкін.
- Егер қуат сымына зақым келсе, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Сақтау тартпасын ұстаған кезде абай болыңыз. Ысып тұрады.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Бұл құрылғы келесі нарықтарға арналған: BY KZ RU UA

2.1 Орнату

ЕСКЕРТУ!
Бұл құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Әрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.
- Ас үй қаптамасы мен ұясының өлшемдері құрылғыға сай келуге тиіс.
- Осы құрылғы мен басқа құрылғылардың, заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғының үсті мен жан-жағын қоршаған конструкциялардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғының бөлшектерінде кернеу бар. Құрылғының қауіпті бөлшектеріне қол тиіп кетпес үшін оны ас үй қаптамасымен жабыңыз.
- Құрылғының жан-жағын биіктігі осы құрылғының биіктігімен бірдей құрылғылармен жанастырып қою керек.
- Құрылғыны тағанға қоймаңыз.
- Құрылғыны есікке жақын жерге терезенің астына қоймаңыз. Бұл есік немесе терезе ашылған кезде ыстық ыдыс құрылғыдан құлап кетпеу үшін қажет.

2.2 Электртоғына қосу

ЕСКЕРТУ!
Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Электртоғына қосу жұмыстарын білікті электрші ғана іске асыруға тиіс.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Электр сымдарына қол тигізуге немесе құрылғының есігіне жақындауға, әсіресе ыстық тұрған есікке жақындауға болмайды.
- Тоққа қосулы тұрған және оқшаулағышы бар бөлшектердің электр қатерінен сақтандырғышын, саймансыз алынбайтын етіп бекітіп қою керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер розетка босап тұрса, оған ашаны сұқпаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Дұрыс оқшаулағыш құралдарды ғана қолданыңыз. желіні қорғайтын ажыратқыштар, сақтандырғыштар (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштар.
- Электр жүйесі құрылғыны кез келген полюсте ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құралмен жабықталуға тиіс. Оқшаулағыш құралдың контакт ара қашықтығы кем дегенде 3 мм болуға тиіс.
- Ашаны розеткаға қосар алдында құрылғының есігін толық жабыңыз.

2.3 Газға қосу

- Газға қосу жұмыстарының барлығын білікті маман ғана іске асыруға тиіс.
- Орнатар алдында жергілікті жабдықтау жағдайлары (газдың түрі мен газдың қысымы) мен құрылғы параметрлерінің сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

- Құрылғының айналасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Газбен жабдықтау туралы ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында берілген.
- Бұл құрылғы жану өнімдерін тартып әкететін құрылғыға жалғанбаған. Құрылғыны ағымдық орнату ережелеріне сай орнатыңыз. Желдету талаптарының дұрыс орындалуына көз жеткізіңіз.

2.4 Пайдалану

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу және күйіп қалу қаупі бар.
Электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Бұл құрылғыны үйде ғана пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Желдеткіш саңылаулардың бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын тоқтан ажыратыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін ашқан кезде абай болыңыз. Ыстық ауа шығуы мүмкін.
- Құрылғыны су қолмен іске қоспаңыз немесе суға тиіп тұрған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жұмыс орны немесе зат сақтайтын орын ретінде қолданбаңыз.

ЕСКЕРТУ!
Өрт және жарылыс пайда болу қаупі бар

- Тоңмайларды немесе майды қыздырған кезде тұтанғыш бу пайда болады. Тоңмайға немесе майға тамақ пісірген кезде қызған заттарды немесе оттың жалынын алыс ұстаңыз.
- Қатты қызған майдан бөлініп шығатын бу, кенет жарылыстың орын алуына себеп болады.
- Құрамында тағам қалдықтары бар қолданылған май, бірінші рет қолданылып отырған майға қарағанда, төмен температурада өрт пайда болуға әкелуі мүмкін.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Есікті ашқан кезде құрылғыға от жарқылын немесе ашық отты жақындатпаңыз.
- Құрылғының есігін абайлап ашыңыз. Алкоголь қосылған қоспаларды қолданғанда, ауа мен алкоголь қоспасы пайда болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ!
Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Құрылғының эмаль қаптамасы бүлініп немесе өңі кетпес үшін:
  - пештің ыдыстарын немесе басқа заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
  - суды ыстық құрылғыға тура қоймаңыз.
  - тамақ пісіріп болғаннан кейін дымқыл ыдыс пен тағамды құрылғының ішінде ұстамаңыз.
  - керек-жарақтарды алғанда немесе орнатқанда абай болыңыз.
- Құрылғының эмаль қаптамасының түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді. Бұл кепілдік заңына сәйкес қарастырылатын ақаулық емес.
- Сұйық қоспадан жасалатын тортты пісіру үшін шұңғыл табаны қолданыңыз. Жеміс шырындарынан кетпейтін дақ қалуы мүмкін.
- Басқару панеліне ыстық ыдыс қоймаңыз.
- Ыдыстың ішіндегісі сарқылғанша қайнатпаңыз.
- Құрылғының үстіне зат немесе ыдыс құлап кетуге жол бермеңіз. Құрылғының бетне зақым келуі мүмкін.
- Пісіру алаңдарын бос ыдыс қойып немесе ешбір ыдыс қоймай іске қоспаңыз.
- Алюминий жұқалтырды құрылғыға немесе құрылғының астыңғы бөлігіне тура қоймаңыз.

- Құйылған шойын, алюминий немесе табанына нұқсан келген ыдыстар құрылғының бетіне сызат түсіруі мүмкін. Бұндай заттарды құрылғының бетінде үнемі көтеріп жылжыту керек.
- Құрылғы орнатылған бөлменің жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз.
- Пішімі дұрыс, диаметрі оттықтың диаметрлерінен үлкен орнықты ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.
- Тетікті ең үлкен қалпынан ең кіші қалпына дейін жылдам бұрағанкезде, жалынның өшіп қалмайтынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғымен бірге жеткізілген керек-жарақтарды ғана қолданыңыз.
- Оттыққа жалын шашыратқышты орнатпаңыз.
- Бұл тек тағам пісіруге арналған құрылғы. Басқа мақсатта, мысалы бөлмені қыздыру үшін қолдануға болмайды.

2.5 Күту менен тазалау

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу, өрт қаупі немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Күтім көрсетер алдында құрылғыны сөндіріңіз.
  Ашаны розеткадан суырып алыңыз.
- Құрылғының салқын тұрғанына көз жеткізіңіз. Шыны панелі сынып қалуы мүмкін.
- Есіктің шыныларына зақым келсе дереу ауыстырыңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының ішінде қалған майдың немесе тағамның қалдығынан өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғының қаптамасының сапасы түспес үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Тұмшапеш бүріккішін қолдансаңыз, оның орамында көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.
- Каталитті эмаль қаптаманы (егер бар болса) ешбір жуғыш затпен тазаламаңыз.
- Оттықтарды ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.

2.6 Қақпақ

- Қақпақтың техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Қақпақты мезгілімен тазалаңыз.
- Қақпақтың бетіне нәрсе шашыраған кезде ашпаңыз.
- Қақпақты жабар алдында оттықтардың барлығын сөндіріңіз.
- Пештің үсті мен тұмшапеш әбден суымайынша қақпақты жаппаңыз.
- Шыны қақпақ (егер бар болса) қызған кезде жарылып кетуі мүмкін.



2.7 Ішкі жарық шамы

- Осы құрылғыда тек тұрмыстық құрылғыларға ғана арналған жарықтама шам немесе галоген шамы қолданылған. Оны бөлмені жарықтандыру үшін қолданбаңыз.

ЕСКЕРТУ!
Электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Шамды ауыстырар алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.
- Техникалық параметрлері сай келетін шамдарды ғана қолданыңыз.

2.8 Газды гриль

ЕСКЕРТУ!
Өрт, жарылыс және күйіп қалу қаупі бар.

- Гриль жасау барысында құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз. Қол жететін бөлшектері ысып кетеді.

- Грильді қолданған кезде балаларды жақындатпаңыз.
- Грильді ешқашан тұмшапештің есігін жауып пайдаланбаңыз. Тұмшапештің есігін ашық қалдырыңыз. Өрт немесе көміртегі моноксиді шығу қаупі бар.
- Тағам қойылған тұмшапеш сөресін ең үстіңгі деңгейге қоймаңыз.

2.9 Құрылғыны тастау

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.


- Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастауға қатысты ақпаратты жергілікті әкімшілік мекемеге хабарласып алыңыз.
- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.
- Сыртқы газ түтіктерін майыстырыңыз.

2.10 Сервис

- Құрылғыны жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек ғана фирмалық қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.


3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Жалпы көрінісі



1 Пеш үстінің тетіктері
2 От алдырғыштың түймешігі
3 Шамның түймешігі
4 Минут операторының тетігі
5 Тұмшапеш функцияларының тетігі
6 Гриль
7 Шам
8 Сөре деңгейлері

3.2 Пісіру алаңдарының көрінісі



1. Қосымша оттық
2. Бу шығатын саңылау - саны мен орны үлгі түріне байланысты
3. Жартылай жылдам оттық
4. Жартылай жылдам оттық
5. Жылдам оттық

3.3 Керек-жарақтары

- **Торкөз сөре**
  Ыдыс, торт қалыптарын қою, тағам қуыруға арналған.
- **Пісірме табақ**
  Торттар мен печеньелерге арналған.
- **Алюминий пісірме табақ**
  Торттар мен печеньелерге арналған.
- **Гриль дефлекторы**
  Грильді қолданған кезде дефлекторды қорғауға арналған.
- **Зат сақтау суырмасы**
  Зат сақтау суырмасы тұмшапештің төменгі бөлігінде орналасқан.

4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

4.1 Алғашқы тазалау

Құрылғы ішіндегі керек-жарақтардың барлығын алыңыз.

"Күту менен тазалау" тарауын қараңыз.

Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында тазалаңыз.
Керек-жарақтарды өз орындарына қойыңыз.

4.2 Алдын ала қыздыру

Қалған майды күйдіріп жіберу үшін бос құрылғыны алдын ала қыздырыңыз.

1. Ең жоғары температураны орнатыңыз.
2. Құрылғыны шамамен 1 сағат іске қосып қойыңыз.

ЕСКЕРТУ!
Керек-жарақтар бұрыңғыдан да ыстық болып кетеді.

Құрылғыдан иіс және түтін шығады. Бұл қалыпты жағдай. Ауаның жеткілікті түрде айналып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Тұмшапешті салқындатыңыз. Жұмсақ матаны шамалы жуғыш зат қосылған суға батырып, тұмшапештің ішін тазалау үшін пайдаланыңыз.

5. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

5.1 Пеш оттығын тұтату

Оттықты әрқашан ыдысты қоймай тұрып жағыңыз.

ЕСКЕРТУ!
Ас үйде ашық отты пайдаланған кезде өте абай болыңыз. Жалын дұрыс пайдаланылмаса, өндіруші жауапты емес.

1. Тұтату түймешігін басып ұстап тұрыңыз ✲.
2. Дәл осы уақытта, пештің тетігін сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, газ берілімінің ең үлкен қалпына 🔥 бұраңыз да, оттықты жағу үшін басыңыз.
3. Оттық жанған кезде тұтатқыштың түймешігін босатыңыз да, тетікті осы қалыпта термореле қызғанша 10 секунд немесе одан аз басып ұстап тұрыңыз. Бұлай істемеген жағдайда газ берілімі кедергі келеді.
4. Жалынды бірқалыпты жанғаннан кейін реттеңіз.

ЕСКЕРТУ!
Тетікті 15 секундтан артық басып тұрмаңыз. Егер оттық 15 секундтан кейін жанбаса, тетікті босатыңыз да, өшіру қалпына бұрап, кем дегенде 1 минуттан кейін оттықты тағы бір рет жағып көріңіз.


Егер бірнеше әрекеттен кейін оттық жанбаса, оның шілтері мен қақпағының дұрыс орналасқанын тексеріңіз.

Егер ток болмаса, оттықты электрлі құрылғының көмегінсіз тұтандыра аласыз. Ол үшін оттыққа жалынды таятып, қажетті тетікті төмен қарай басып тұрып, ең жоғары деңгейге дейін бұраңыз. Тетікті термоэлемент қызғанша 10 секунд немесе одан аз уақыт басып ұстап тұрыңыз.

Егер оттық кездейсоқ сөніп қалса, тетікті сөндірулі қалыпқа бұраңыз да, кем дегенде 1 минуттан кейін оттықты тағы бір рет жағып көріңіз.

Пешті орнатқаннан кейін немесе қуат үзілісінен кейін электр қуатын қосқан кезде, тұтату генераторы өздігінен іске қосылуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

5.2 Оттықтың көрінісі



A. Оттық табақшасы
B. Оттық шілтері
C. От алдырғыш
D. Термореле

5.3 Оттықты сөндіру

Жалынды өшіру үшін тетікті ❙ қалпына бұраңыз.

ЕСКЕРТУ!
Кәстрөлдерді оттықтан алардан бұрын үнемі отты азайтыңыз немесе сөндіріп қойыңыз.

6. ПЕШ - АҚЫЛ-КЕҢЕС

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

6.1 Ыдыс-аяқ

ЕСКЕРТУ!
Бір табаны екі оттыққа қоймаңыз.

ЕСКЕРТУ!
Орнықсыз және түбі деформацияланған кәстрөлдерді ішіндегісі төгіліп, адам жарақат алмау үшін оттыққа қоймаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ
Кәстрөл саптарының пісіру алаңының алдыңғы қырының үстінде емес екеніне көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ
Кәстрөлді барынша орнықты етіп қою және газды мүмкіндігінше аз пайдалану үшін кәстрөлді оттықтың ортасына қойыңыз.

6.2 Ыдыстың диаметрі

ЕСКЕРТУ!
Оттықтың диаметрлеріне сай келетін ыдыстарды пайдаланыңыз.

Оттық	Ыдыстың диаметрі (мм)
Жылдам	160 - 220
Жартылай жылдам	140 - 220
Қосымша	120 - 180

6.3 Қуат үнемдеу

- Егер мүмкіндік болса, ыдысқа әрқашан қақпақ жабыңыз.
- Сұйықтық қайнай бастағанда, оны ақырындап қайнату үшін отты азайтыңыз.

7. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

7.1 Жалпы ақпарат

- Пештің үстін пайдаланған сайын тазалаңыз.
- Ыдысты қолданғанда табаны әрқашан таза болсын.
- Пештің үстіне түскен сызаттар немесе қошқыл дақтар оның жұмысына ешқандай әсер етпейді.
- Пештің үстін тазалауға жарамды арнайы тазалағышты пайдаланыңыз.
- Тот баспайтын болат бөліктерін сумен жуыңыз да, содан кейін жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.

7.2 Пештің үстін тазалау

- **Дереу тазалаңыз:** балқыған пластмасса, пластик фольга және қант қосылған тағам. Дереу тазаламасаңыз, пештің үстін бүлдіріп алуыңыз мүмкін.
- **Пештің үсті жеткілікті түрде суыған кезде алыңыз:** әк дақтары, су дақтары, май дақтары, металдың жылтыраған дақтары. Пештің үстін дымқыл шүберекпен және жеміргіш емес жуғыш затпен тазалаңыз. Тазалап болғаннан кейін пештің үстін жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Эмальмен қапталған бөліктерді, қақпақшасы мен шілтерін жылы сабыны бар сумен жуып, орнына қайта қояр алдында жақсылап құрғатыңыз.

7.3 От алдырғыш құралды тазалау

Бұл функция керамикалық тұтандыру білтесі мен металл электродтың көмегімен орындалады. Тұтандыру қиынға соқпауы үшін осы құрамдас бөліктерді таза ұстаңыз және оттықтағы шілтер тесіктерінің бітелмегеніне көз жеткізіңіз.

7.4 Таба тағандары

Ыдыс тағандары ыдыс жуғыш машинада жууға төзімді емес. Оларды қолмен жуу керек.

1. Пештің үстін оңай тазалау үшін таба тағандарын алыңыз.

Пештің үстін бүлдіріп алмас үшін таба тағандарын орнына қойған кезде абай болыңыз.

2. Ыдыс тағандарын тазалап болғаннан кейін орындарына дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
3. Оттық дұрыс жұмыс істеу үшін таба тағандарының тармақтары оттықтың ортасына дәл келіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

7.5 Мерзімдік техникалық қызмет көрсету

Газбен жабдықтау түтігінің, егер орнатылған болса, қысым реттегіш құралдың қалып-күйін тексеру үшін жергілікті уәкілетті қызмет көрсету орталығына уақытылы хабарласыңыз.

8. ТҰМШАПЕШ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

8.1 Тұмшапеш функциялары

Тұмшапеш функциясы		Қолданылуы
0	Сөндіру қалпы	Құрылғы сөндірулі.
1 - 8[1)]	Қызу параметрлері	Пешке арналған өзгертуге болатын температура деңгейлерінің ауқымы.
	Гриль	Жайпақ тағамды грильдің ортасында қақтауға арналған. Тост жасауға арналған.

Тұмшапеш функциясы	Қолданылуы
Тұмшапештің шамы	Тұмшапештің ішкі жағын жарықтандыру үшін. Бұл функцияны қолдану үшін шам түймешігін басыңыз.

1) 1 - 140°C, 2 - 155°C, 3 - 170°C, 4 - 185°C, 5 - 205°C, 6 - 220°C, 7 - 235°C, 8 - 250°C

8.2 Тұмшапештің газ оттығын жағу

АБАЙЛАҢЫЗ
Тұмшапештің оттығын жаққан кезде тұмшапештің есігін ашық ұстау керек.

АБАЙЛАҢЫЗ
Қақпақтың ашық тұрғанына көз жеткізіңіз. Тұмшапешті пайдаланған кезде қатты қызып кетпес үшін қақпақты ашып қою керек.


Тұмшапеш қауіпсіздігі құралы:
Газ тұмшапеші термоэлементпен жабдықталған. Ол жалын сөніп қалғанда, газдың берілуін тоқтатады.

1. Тұмшапештің есігін ашыңыз.
2. Тұтату түймешігін басып ұстап тұрыңыз ✯.
3. Дәл осы уақытта тұмшапештің функцияларын басқару тетігін сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, ең үлкен қыздыру параметрлеріне қойыңыз да, төмен басып оттықты жағыңыз.
4. Тұтату генераторы түймешігін оттық жанғаннан кейін босатыңыз, бірақ тұмшапештің функцияларын басқару тетігін, термореле қызғанша осы қалыпта 15 секунд немесе одан аз уақыт басыңыз. Бұлай істемеген кезде газ берілеміне кедергі келеді.

8.3 Тұмшапештің газ оттығын қолдан жағу

Электр қуаты болмаған жағдайда, пештің оттығын электр құралынсыз жаға аласыз.

1. Тұмшапештің есігін ашыңыз.
2. Отты тұмшапештің табанындағы тесіктің жанында ұстап тұрыңыз.



3. Дәл осы уақытта, тұмшапеш функцияларының тетігін басып тұрып, сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, газ берілімінің ең үлкен қалпына қойыңыз.
4. Оттық жанғаннан кейін, тұмшапеш функцияларының тетігін газ берілімінің ең үлкен қалпына қойып, термореле қызғанша 15 секунд немесе одан аз басып ұстап тұрыңыз.

Тұмшапеш функцияларының тетігін 15 секундтан артық басып тұрмаңыз. Егер пештің оттығы 15 секундтан кейін жанбаса, тұмшапеш функцияларының тетігін босатыңыз, оны өшірулі қалыпқа бұраңыз да, тұмшапештің есігін ашып, кем дегенде 1 минуттан кейін тұмшапештің оттығын тағы бір рет жағып көріңіз.

8.4 Пеш газының оттығын жаққаннан кейін

1. Тұмшапеш функцияларының тетігін босатыңыз.
2. Тұмшапештің есігін жабыңыз.
3. Тұмшапеш функцияларының тетігін бұрап, қажетті қызу параметрін орнатыңыз.

Отты тұмшапештің түбіндегі тесіктер арқылы бақылаңыз.


8.5 Тұмшапештің оттығын сөндіру

Отты сөндіру үшін тетікті сөндіру **0** қалпына бұраңыз.

8.6 Грильді қолдану

Гриль температурасын өзгерту мүмкін емес. Төменірек температураға немесе баяу пісіру уақытына қою үшін гриль табасын жалыннан алыстатып төмен түсіріңіз.

Грильді қолдану алдында гриль дефлекторын А есіктің үстіңгі жағындағы орынға салыңыз. Екі бекітпенің тұмшапеш корпусының (басқару панелінің астыңғы жағы) алдыңғы жақтауының үстіңгі жағындағы тесіктерге дұрыс кірігіп орнатылғанына көз жеткізіңіз.



Етті науаға немесе табақ үстіне тура қоймаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ
Етті сөренің ең үстіңгі қатарына қоймаңыз. Өрт шығу қаупі бар.

1. Тұмшапештің есігін ашыңыз.
2. Тұтату түймешігін басып ұстап тұрыңыз.
3. Тұмшапешті басқару тетігін Гриль қалпына бұраңыз. Тетікті басып ұстап тұрыңыз.
4. Тұтату түймешігін босатыңыз.
5. Тұмшапештің басқару тетігін осы қалыпта шамамен 15 секунд ұстап тұрыңыз. Оны жалын пайда болғанша босатпаңыз.
6. Тұмшапешті басқару тетігін босатыңыз.

Егер гриль жанбаса немесе кенет сөніп қалса, тұмшапешті басқару тетігін босатыңыз да, Сөндіру қалпына бұраңыз. Тұмшапештің есігін ашыңыз. Бір минуттан кейін, грильді қайта тұтатып көріңіз.

7. Грильді алдын ала 5-10 минут қыздырыңыз.
8. Ет қойылған тұмшапеш сөресін 3-ші сөре деңгейіне қойыңыз.
9. Тағамның май-сөлін жинау үшін пісіру науасын немесе қуырма табақты 2-ші деңгейге қойыңыз.
10. Тұмшапештің есігін шала ашып қойыңыз.

Егер уақытша тоқ сөніп қалса, тұмшапештің есігін ашып, гриль дефлекторын салып, жалынды гриль оттығының тесіктеріне жақын ұстап, тұмшапешті басқару тетігін Гриль қалпына бұраңыз.

8.7 Гриль оттығын сөндіру

Отты сөндіру үшін тетікті сөндіру **0** қалпына бұраңыз.

9. ТҰМШАПЕШ - САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

9.1 Минут операторы

Кері санақ уақытын орнату үшін қолданыңыз.

Бұл функция құрылғының жұмысына әсер етпейді.

Таймердің тетігін шегіне дейін бұраңыз да, содан кейін қажетті уақытқа бұраңыз.
Уақыт аяқталған кезде дыбыстық сигнал естіледі.


10. ТҰМШАПЕШ - КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

10.1 Керек-жарақтарды салу

Торкөз сөре:


Тор сөренің артқы жағында қызу алмасуға көмек болатын арнайы пішім бар.



Сөрені дұрыс сөре орнына салып итеріңіз. Тұмшапештің артқы қабырғасына тимей тұрғанына көз жеткізіңіз.

Науа:

Пісірме табақты корпустың артқы қабырғасына тигенше итермеңіз. Себебі бұлай істегенде табақтың айналасына қызу келуге кедергі жасайды. Тағамның әсіресе табақтың артқы жағындағы бөлігі күйіп қалуы мүмкін.



Науаны немесе шұңғыл табаны сөренің орнына қойыңыз. Тұмшапештің артқы қабырғасына тимей тұрғанына көз жеткізіңіз.

11. ТҰМШАПЕШ - АҚЫЛ-КЕҢЕС

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Кестелердегі температура мен пісіру уақыттары тек нұсқау ретінде беріледі. Олар рецептерге, олардың құрамының сапасы мен мөлшеріне байланысты болады.

11.1 Жалпылама ақпарат

- Құрылғының сөре қоюға арналған төрт деңгейі бар. Сөренің деңгейлерін құрылғының астыңғы жағынан бастап санаңыз.
- Құрылғының ішіне немесе есігінің шыны панельдеріне бу тұруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тағам пісіріп жатқанда құрылғының есігін ашу қажет болса, әрқашан артқа шегініңіз. Буды азайту үшін құрылғыны тағам пісіру алдында 10 минут қыздырыңыз.

- Құрылғыны пайдаланып болған сайын ылғалды жерлерін тазалаңыз.
- Заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз және тағам пісіріп жатқан кезде құрылғының ешбір бөлшектерін алюминий жұқалтырмен жаппаңыз. Себебі пісіру нәтижесіне әсер етіп, пештің эмаль қаптамасын бүлдіруі мүмкін.

11.2 Пісіру

- Тұмшапешіңіз бұрыңғы құрылғыңызға қарағанда басқаша пісіруі немесе қуыруы мүмкін. Әдетте қолданатын параметрлеріңізді (температура, пісіру уақыттары) және сөре деңгейлерін кестедегі мәндерге сай келтіріңіз.
- Өндіруші тұмшапешті ең алғаш рет қолданғанда төмен температураны қолдануды ұсынады.
- Арнайы рецептіге сай келетін параметрлерді таба алмасаңыз, соған ұқсас параметрлерді іздеңіз.
- Егер торттарды бірнеше сөрелерге қойып пісірсеңіз, пісіру уақыттарын 10 – 15 минутқа созуға болады.
- Кекстер мен пісірілген нандар басында әр түрлі биіктікте бірдей қызармауы мүмкін. Бұл жағдай орын алса, температура параметрін өзгертпеңіз. Айырмашылықтар пісіру барысында бір деңгейге келеді.
- Пісіру уақыты ұзақ болса, тұмшапешті пісіру уақытының аяқталуына 10 минут қалғанда сөндіріп, содан кейін қалған қызуды қолданыңыз.

Мұздатылған тағамды пісірген кезде, тұмшапештің науалары майысып қалуы мүмкін. Науалар суығанда майысқаны қалпына келеді.

11.3 Торт пісіру

- Тұмшапештің есігін орнатылған пісіру уақытының 3/4 мөлшері өткенше ашпаңыз.
- Егер бір уақытта екі пісіру сөресін пайдалансаңыз, олардың арасына бір ашық қатар қалдырыңыз.

11.4 Ет пен балық пісіру

- Тұмшапешке мүлдем тазаланбайтын дақ түспес үшін, өте майлы тағамды пісіргенде шұңғыл табақты пайдаланыңыз.
- Етті кесердің алдында сөлі ағып кетпес үшін шамамен 15 минут қоя тұрыңыз.
- Тағам қуырған кезде тұмшапештің іші қатты түтіндеп кетпес үшін шұңғыл табаққа шамалы су құйыңыз. Түтін жиналып қалмас үшін су таусылған сайын үстемелеп құйып отырыңыз.

11.5 Пісіру уақыттары

Пісіру уақыттары тағамның түріне, құрамына және мөлшеріне байланысты.

Бастапқыда тағам пісірген кезде пісіру үрдісін бақылап отырыңыз. Осы құрылғыны пайдаланған кезде қолданылатын ыдыстарға, рецептілерге және тағамның мөлшеріне сай келетін параметрлерді (қызу параметрі, пісіру уақыты т.с.с.) анықтап алыңыз.

11.6 Пісіру кестесі

Тағам	Мөлшері (г)	Термоэлементтің орны	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтары
Тәтті таспалар 1)	250	2	25 - 30	3	алюминий пісірме табақ

Тағам	Мөлшері (г)	Термоэлементтің орны	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтары
Тәтті таспалар 1)	250	2	20 - 25	3	пісірме табақ
Жалпақ торт1)	1000	2 - 3	35 - 45	3	алюминий пісірме табақ
Жалпақ торт1)	1000	2	35 - 40	3	пісірме табақ
Алма қосылған ашыған қамыр торты1)	2000	5	50 - 60	3	алюминий пісірме табақ
Алма бәліші 1)	1200 + 1200	6	55 - 65	3	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 20 см)
Кішкене кекстер1)	500	2 - 3	25 - 30	3	алюминий пісірме табақ пісірме табақ
Майсыз қопсыма торт1)	350	3	30 - 35	3	1 дөңгелек табақ (диаметрі: 26 см)
Құймақ	1500	2 - 3	45 - 55 2)	3	алюминий пісірме табақ
Құймақ	1500	2 - 3	40 - 50 3)	3	пісірме табақ
Бүтін тауық	1400	8	50 - 60	3	темір сөре
				3	пісірме табақ
Флан наны 4)	800	7 - 8	15 - 20	3	алюминий пісірме табақ
Флан наны 4)	800	6 - 7	15 - 20	3	пісірме табақ
Толтырмасы бар ашытқы қосылған торт 5)	1200	4 - 5	40 - 50	3	алюминий пісірме табақ пісірме табақ
Пицца1)	1000	5 - 6	25 - 35	3	алюминий пісірме табақ

Тағам	Мөлшері (г)	Термоэлементтің орны	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтары
Пицца **1)**	1000	5 - 6	25 - 30	3	пісірме табақ
Сүзбе торты	2600	3	80 - 90	3	алюминий пісірме табақ
Сүзбе торты	2600	3	70 - 80	3	пісірме табақ
Швейцариялық алма бәліші **5)**	1900	6 - 7	50 - 60	3	алюминий пісірме табақ
Швейцариялық алма бәліші **5)**	1900	6 - 7	40 - 50	3	пісірме табақ
Рождество торты **6)**	2400	3 - 4	60 **7)**	3	алюминий пісірме табақ
Рождество торты **6)**	2400	3 - 4	60 **3)**	3	пісірме табақ
Киш лорен **5)**	1000	5 - 6	50 - 60	3	1 дөңгелек табақ (диаметрі: 26 см)
Шаруа наны **6)**	750 + 750	4 - 5	50 - 60	3	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 20 см)
Румын қопсыма торты **1)**	600 + 600	2 - 3	50 - 60	3	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 25 см)
Румын қопсыма торты - дәстүрлі **1)**	600 + 600	2 - 3	40 - 50	3	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 25 см)
Швейцариялық орама **1)**	500	2 - 3	20 - 30	3	алюминий пісірме табақ
Швейцариялық орама **1)**	500	2 - 3	20 - 25	3	пісірме табақ
Меренга	400	1 - 2	40 - 50	3	алюминий пісірме табақ
Меренга	400	1	40 - 50	3	пісірме табақ

Тағам	Мөлшері (г)	Термоэлементтің орны	Уақыт (мин.)	Сөренің орналасуы	Керек-жарақтары
Шағын Choux[1)]	500	3 - 4	35 - 40	3	алюминий пісірме табақ
Шағын Choux[1)]	500	2 - 3	30 - 35	3	пісірме табақ
Үгілме торт[5)]	1500	5 - 6	30 - 40	3	алюминий пісірме табақ
Үгілме торт[5)]	1500	5 - 6	30 - 35	3	пісірме табақ
Қопсыма торт[1)]	600	2	35 - 40	3	алюминий пісірме табақ
Қопсыма торт[1)]	600	2	30 - 35	3	пісірме табақ
Майлы торт[5)]	600	2 - 3	25 - 30	3	алюминий пісірме табақ
Майлы торт[5)]	600	3	20 - 25	3	пісірме табақ

1) Тұмшапешті алдын ала 10 минут қыздырыңыз.
2) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 7 минут тұмшапеште ұстаңыз.
3) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 5 минут тұмшапеште ұстаңыз.
4) Тұмшапешті алдын ала 20 минут қыздырыңыз.
5) Тұмшапешті алдын ала 15 минут қыздырыңыз.
6) Термоэлементті 8-ші орынға қойып, тұмшапешті алдын ала 15 минут қыздырыңыз.
7) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 10 минут тұмшапеште ұстаңыз.

12. ТҰМШАПЕШ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

12.1 Тазалауға қатысты ескерім

- Құрылғының алдыңғы жағын жуғыш зат қосылған жылы суға батырылған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Құрылғының металл беттерін тазалау үшін әдетте қолданылатын жуғыш заттарды пайдаланыңыз.
- Құрылғының ішкі жағын пайдаланып болған сайын тазалап отырыңыз. Май жиналғанда немесе басқа тағам қалдығы жиналса, өрт шығуы мүмкін.
- Оңай тазаланбайтын қалдықтарды арнайы пеш тазалағыштармен тазалаңыз.
- Керек-жарақтарды әр қолданып болған сайын тазалап, құрғатып отырыңыз. Шүберекті, жылы су мен жуғыш затты пайдаланыңыз.
- Тұмшапештің керек-жарағына ластық тұрмайтын болса, жеміргіш затпен, өткір қырлы құралмен тазаламаңыз немесе ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Зат

жабыспайтын қаптаманы бүлдіруі мүмкін.

12.2 Тот баспайтын болаттан не алюминийден жасалған құрылғылар

Тұмшапештің есігін дымқыл жөкемен ғана тазалаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз. Темір жүн, қышқыл немесе түрпілі материалдарды қолданбаңыз, себебі бұндай заттар тұмшапештің бетіне нұқсан келтіруі мүмкін. Тұмшапештің басқару панелін де осындай сақтық шараларды орындап тазалаңыз.


12.3 Тұмшапештің шыны панельдерін алу және орнату

Ішкі шыны панельді алып тазалауға болады. Шыны панельдердің саны әр үлгіде әр түрлі.


ЕСКЕРТУ!
Тазалау барысында тұмшапештің есігін шамалы ашық ұстаңыз. Оны шегіне дейін ашқан кезде кенет жабылып қалып, қатты зақым келтіруі мүмкін.

ЕСКЕРТУ!
Құрылғыны шыны панельсіз пайдаланбаңыз.

1. Есікті шамамен 30° градусқа келгенше ашыңыз. Есікті шамалы ашқан кезде жабылып қалмай тұрады.



2. Есік жақтаушасының (B) жоғарғы жағын қос қолмен екі жағынан ұстаңыз да, қапсырманың тығыздағышын босату үшін ішке басыңыз.



3. Есікті босату үшін оның жақтаушасын алға қарай тартыңыз.

ЕСКЕРТУ!
Шыны панельдерді алған кезде тұмшапештің есігі жабылуға әрекет етеді.

4. Есіктің шыны панельдерінің үстіңгі жағын ұстап тұрып, бір-бірден жоғары қарай тартыңыз.
5. Шыны панельді сабын сумен жуыңыз. Шыны панельді жақсылап құрғатыңыз.

Тазалап болған соң шыны панельдер мен тұмшапеш есігін орнатыңыз. Жоғарыдағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз. Алдымен кішірек панельді, содан кейін үлкен панельді орнатыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ
Ішкі шыны панельдің безендірілген беті есіктің ішкі жағына қарап тұруға тиіс.

АБАЙЛАҢЫЗ
Орнатып болғаннан кейін шыны панельдің безендірілген жақтауының бетін ұстап көрген кезде, қолға оның бұдыры сезілмеуге тиіс.


АБАЙЛАҢЫЗ
Ішкі шыны панельдің өз ұяшықтарына дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.

12.4 Тартпаны алу

ЕСКЕРТУ!
Тұтанғыш заттарды (мысалы, тазалағыш заттар, пластик қапшықтар, тұмшапеш қолғабы, қағаз немесе бүріккіштер, т.с.с. сияқты) тартпаға салып сақтамаңыз. Тұмшапешті қолданған кезде суырма қызып кетуі мүмкін. Өрт шығу қаупі бар.

Тұмшапештің астындағы тартпаны оңай тазалау үшін алуға болады.

1. Тартпаны тоқтағанша бері қарай тартыңыз.



13. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

2. Суырманы баяу көтеріңіз.
3. Суырманы түгел алып шығыңыз.

Суырманы салу үшін жоғарыда көрсетілген әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.

12.5 Шамды ауыстыру

Құрылғының ішкі табанына шүберек төсеңіз. Бұл шамның шыны қақпағы мен құрылғының ішіне нұқсан келмес үшін қажет.

ЕСКЕРТУ!
Электр қатеріне ұшырау қаупі бар!
Сақтандырғышты шамды ауыстыру алдында ағытыңыз.
Шам және шамның қақпағы ыстық болуы мүмкін.

1. Құрылғыны сөндіріңіз.
2. Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғыштарды алыңыз немесе айырып-қоқышты ажыратыңыз.

Артқы шам

1. Шамның қақпағын алу үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
2. Шыны қақпақты тазалаңыз.
3. Шамды қызуға төзімділігі 300 °C шамға ауыстырыңыз.
4. Шыны қақпақты орнатыңыз.

13.1 Не істерсіңіз, егер...

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
От алдырғышты қосқан кезде ешбір жарқыл шықпайды.	Пеш электр тоғына қосылған жоқ немесе теріс қосылған.	Пештің электр көзіне дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Қосылым сызбасын қайта қараңыз.
От алдырғышты қосқан кезде ешбір жарқыл шықпайды.	Сақтандырғыш ағытылып қалған.	Ақаулыққа сақтандырғыштың себеп болғанына көз жеткізіңіз. Сақтандырғыш қайта-қайта босап кетсе, білікті электршіге хабарласыңыз.
От алдырғышты қосқан кезде ешбір жарқыл шықпайды.	Оттықтың қақпағы мен шілтері дұрыс салынбаған.	Оттықтың қақпағы мен шілтерін дұрыс орнатыңыз.
Жалын тұтатқаннан кейін дереу сөніп қалады.	Қыздырғыш элемент жеткілікті қызған жоқ.	От жанғаннан кейін тетікті шамамен 10 секунд немесе одан азырақ басып ұстап тұрыңыз.
Жалын шығырығы біркелкі емес.	Оттықтың шілтерін тағам қалдығы бітеп тастаған.	Инжектордың бітеліп қалмағанын және оттық шілтерінің таза екенін тексеріңіз.
Оттықтар жұмыс істемейді.	Газ келіп тұрған жоқ.	Газ қосылымын тексеріңіз.
Құрылғыдан шуыл естіледі.		Құрылғының кей темір бөлшектері қызғанда немесе суығанда ісінеді және тартылады. Бұл қалыпты шуыл.
Жалынның түсі қызылсары немесе сары.		Оттықтың кей жерлерінде жалынның түсі қызылсары немесе сары болып көрінуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
Шам жанбайды.	Шамда ақаулық бар.	Шамды ауыстырыңыз.
Бу мен конденсат тағамның үстіне және тұмшапештің корпусына жиналады.	Тұмшапештің ішіне тағам ұзақ уақытқа қойылған.	Тағамды пісіргеннен кейін тұмшапеш ішінде 15 - 20 минуттан артық қалдырмаңыз.
Тұмшапеш қызбайды.	Қажетті параметрлер орнатылмаған.	Параметрлердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Тағам пісіруге өте ұзақ уақыт кетеді немесе өте жылдам піседі.	Температура өте төмен немесе өте жоғары.	Қажет болса, температураны реттеңіз. Пайдаланушы нұсқаулығындағы кеңесті орындаңыз.

13.2 Қызмет көрсету дерегі

Ақаулықты түзету шешімін өзіңіз таба алмасаңыз, дилеріңізге не уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қызмет көрсету орталығына қажетті ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген. Техникалық ақпарат тақтайшасы құрылғы корпусының алдыңғы жақтауында орналасқан. Құрылғының ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасын алмаңыз.

Оларды мына жерге жазып қоюды ұсынамыз:	
Үлгі (MOD.)	.....
Өнім нөмірі (PNC)	.....
Сериялық нөмірі (S.N.)	.....

14. ОРНАТУ


ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

14.1 Құрылғы орнатылатын жер

Жеке тұратын бұл құрылғыңыздың бір жағын немесе екі жағын ас үй жиһазына тақатып, не бұрышқа қоюыңызға болады.

Құрылғы мен артқы қабырға арасына, қақпақ ашылатындай етіп шамамен 1 см орын қалдырыңыз.

Орнату барысында қалдыру керек мин. қашықтықты кестеден қараңыз.



Мин. қашықтық

Өлшемі	мм
A	400
B	650
C	150
D	20

14.2 Техникалық дерек

Кернеу	220 - 240 В
Жиілік	50 / 60 Гц
Құрылғының сыныбы	1

Өлшемі	мм
Биіктігі	855

Өлшемі	мм
Ені	500
Тереңдігі	600

14.3 Басқа техникалық деректер

Құрылғының санаты:	II2H3B/P
Бастапқы газ:	G20 (2H) 13 мбар
Газды ауыстыру:	G20 (2H) 20 мбар G30/31 (3B/P) 30/30 мбар

14.4 Байпас диаметрлері

ОТТЫҚ	Ø БАЙПАС[1] 1/100 мм
Қосымша	29 / 30
Жартылай жылдам	32
Жылдам	42
Тұмшапеш	44

[1] Байпас түрі үлгіге байланысты.

14.5 ТАБИҒИ G20 13 мбар ГАЗҒА арналған газ оттықтары

ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	АЗАЙТЫЛҒАН ҚУАТ, кВт	ИНЖЕКТОР ТАҢБАСЫ 1/100 мм
Жылдам	3.0	0.78	132
Жартылай жылдам	2.0	0.5	111
Қосымша	1.0	0.4	82
Тұмшапеш	2.7	0.9	130
Гриль	1.9	-	115

14.6 ТАБИҒИ G20 20 мбар ГАЗҒА арналған газ оттықтары

ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	АЗАЙТЫЛҒАН ҚУАТ, кВт	ИНЖЕКТОР ТАҢБАСЫ 1/100 мм
Жылдам	3.0	0.72 / 0.75[1)]	119
Жартылай жылдам	2.0 / 1.9[1)]	0.43 / 0.45[1)]	96
Қосымша	1.0	0.35	70
Тұмшапеш	2.7	0.90	120
Гриль	1.9	-	108

1) Байпас түрі үлгіге байланысты.

14.7 LPG G30 30 мбар

ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	АЗАЙТЫЛҒАН ҚУАТ, кВт	ИНЖЕКТОР ТАҢБАСЫ 1/100 мм	ГАЗДЫҢ НОМИНАЛЬДЫ БЕРІЛІСІ г/сағ
Жылдам	3.0	0.72	88	218.14
Жартылай жылдам	2.0	0.43	71	145.43
Қосымша	1.0	0.35	50	72.71
Тұмшапеш	2.7	0.90	80	196.33
Гриль	1.9	-	71	138.16

14.8 LPG G31 30 мбар газға арналған газ оттықтары


ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	АЗАЙТЫЛҒАН ҚУАТ, кВт	ИНЖЕКТОР ТАҢБАСЫ 1/100 мм	ГАЗДЫҢ НОМИНАЛЬДЫ БЕРІЛІСІ г/сағ
Жылдам	2.6	0.63	88	185.68
Жартылай жылдам	1.7	0.38	71	121.40
Қосымша	0.85	0.31	50	60.70
Тұмшапеш	2.35	0.78	80	167.82
Гриль	1.65	-	71	117.83

14.9 Газға қосу

Құрылғыны орнату алдында құрылғының артқы жағындағы газ түтігіндегі жапсырманы алыңыз. Түтікті желім қалдықтарынан тазалаңыз.

Қолданыстағы ережелерге сәйкес тұрақты қосылым сымдарын немесе тот баспайтын болатпен қапталған иілгіш түтіктерді пайдаланыңыз. Егер иілгіш металл түтіктерді

пайдаланса‌ңыз, олардың жылжымалы бөлшектерге жанаспауын және жаншылып қалмауын қамтамасыз етіңіз.



ЕСКЕРТУ!
Газ қосылымының түтігі құрылғының суретте көрсетілген жеріне тиіп тұрмауға тиісті.

14.10 Металл емес иілгіш түтіктер қосылымы

Егер қосылым қол оңай жететін жерде тұрса, онда иілгіш түтікті қолданыңыз. Иілгіш түтікті қапсырмалардың көмегімен мықтап бекіту керек.

Орнату кезінде әрқашан түтік ұстатқышты және тығыздағышты қолданыңыз. Иілгіш түтікті мына жағдайда қолдануға болады:

- бөлме температурасынан ыстық болмайтын, 30 °C-тан аспайтын жағдайда,
- ұзындығы 1500 мм-ден аспаса,
- еш бөлігі жіңішкермесе,
- майыспаса немесе қатайтылмаса,
- өткір жиектерге немесе бұрыштарға жанаспаса,
- тұрған жерін оңай тексеруге болады.

Иілгіш түтікті тексергенде, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- екі ұшында және ұзына бойында жарылған, кесілген жерлер, күйген белгілері болмауын,
- материалдың қатқылданбаған, керісінше, серпімділігі дұрыс болуын,
- бекіткіш қапсырмаларын тот баспағанын,
- жарамдылық мерзімі өтіп кетпегенін.

Егер бір немесе бірнеше ақаулығы байқалса, түтікті жөндеудің керегі жоқ, ауыстыру керек.

ЕСКЕРТУ!
Орнатып болғаннан кейін әр түтік фиттингінің тығыздағышынан ешнәрсе ақпайтынын тексеріңіз. Түтіктің тығыздалғанын тексеру үшін отты емес, сабынды ерітіндіні қолданыңыз.

Газбен жабдықтау бағыттауышы басқару панелінің артында орналасқан.

ЕСКЕРТУ!
Газды қосар алдында, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз немесе сақтандырғыш қораптағы сақтандырғышты сөндіріңіз.Газбен жабдықтау желісінің негізгі клапанын жабыңыз.


14.11 Құрылғыны газдың басқа түрлеріне лайықтау

Құрылғыны газдың басқа түріне сай лайықтау жұмысын тек уәкілетті маманға ғана тапсырыңыз.

Егер құрылғы табиғи газға бапталған болса, дұрыс инжекторларды пайдаланып сұйылтылған газға ауыстыруға болады. Газдың тұтынылатын мөлшерін қажетінше лайықтауға болады.

ЕСКЕРТУ!
Инжекторларды ауыстыру алдында, газ тетіктерінің "Off" қалпында тұрғанына көз жеткізіңіз. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Жарақат алу қаупі бар.

Құрылғы әдепкі газ түріне лайықтап бапталған. Параметрді өзгерту үшін әрқашан тығыздағышты пайдаланыңыз.




A. Газ жүйесіне жалғанатын жер (құрылғының тек бір жерін ғана жалғауға болады)
B. Нығыздағыш
C. Реттемелі қосылым
D. Сұйылтылған газға арналған түтік ұстатқыш

14.12 Пеш үстінің инжекторларын ауыстыру

Газ түрін ауыстырғанда инжекторларды да ауыстырыңыз.

1. Таба тағандарын алыңыз.
2. Оттықтың қақпақтары мен шілтерін алыңыз.
3. Инжекторларды 7-ші кілтпен ағытып алыңыз.
4. Инжекторлардың орнына қолданылатын газ түріне сай инжекторларды салыңыз.




5. Техникалық ақпарат тақтайшасын (газбен жабдықтау құбырының қасында) жаңа газ түріне сай келетін тақтайшаға ауыстырыңыз.

Бұл тақтайшаны құрылғымен бірге жеткізілген қалтадан таба аласыз.

Егер беріліп тұрған газдың қысымы тұрақты болмаса немесе қажетті қысымнан басқаша болса, газбен жабдықтау құбырына тиісті қысым реттегішті орнатыңыз.

14.13 Пеш оттығының ең аз газ мөлшерін реттеу

1. Құрылғыны электр қуатынан ажыратыңыз.
2. Пештің тетігін алыңыз. Егер орағытпа бұранданы реттеу мүмкіндігі жоқ болса, реттеу әрекетін бастамай тұрып басқару панелін ағытыңыз.
3. Жалпақ бұрағыштың көмегімен орағытпа бұранданы А реттеп бұраңыз.
   Орағытпа бұранданың А орналасатын орны үлгіге байланысты.



Табиғи газдан сұйылтылған газға ауыстыру

1. Орағытпа бұранданы шегіне дейін қатайтыңыз.
2. Тетікті орнына қайта қойыңыз.

Сұйылтылған газдан табиғи газға ауыстыру


1. Орағытпа бұранданы шамамен бір қадамға А ағытыңыз.
2. Пештің тетігін орнына қайта салыңыз.
3. Құрылғыны электр тоғына қосыңыз.

ЕСКЕРТУ!
Ашаны розеткаға барлық бөлшектерді өз орындарына қойып болғаннан кейін ғана сұғыңыз. Жарақат алу қаупі бар.


4. Оттықты жағыңыз. "Пештің үсті - Әркүндік қолдану" тарауын қараңыз.
5. Пештің тетігін ең аз қалыпқа бұраңыз.
6. Пештің тетігін қайта алыңыз.
7. Орағытпа бұранданы жалын кішірейіп, тұрақты шығып тұрғанша баяу бұраңыз.
8. Пештің тетігін қайта салыңыз.

14.14 Тұмшапештің инжекторын ауыстыру


1. Тұмшапеш қуысының астыңғы пластинкасын A тұмшапештің оттығына B қол жеткізу үшін алыңыз.



2. Оттықты ұстап тұратын бұранданы C босатыңыз.



3. Оттықты инжектор тағанынан D ептеп алыңыз.




4. Ақырын солға қарай жылжытыңыз. Оттық шілтерінің оттық аузында тұрғанына көз жеткізіңіз. Тұтату ашасының ағытпасының сымына F және термореле жалғастырғышына E салмақ салмаңыз.
5. Оттықтың D инжекторын 7 мм гайка кілтімен босатып, басқасын салыңыз.

Оттықты әрекеттерді кері ретпен орындап салыңыз.

Газбен жабдықтау бағыттауышының жанында орналасқан газ түрінің жапсырмасының орнына жаңа газ түріне қатысты жапсырманы қолданыңыз.

14.15 Тұмшапеш оттығының ең аз газ мөлшерін реттеу

1. Құрылғыны электр қуатынан ажыратыңыз.
2. Тұмшапеш функцияларының тетігін алып тастаңыз. Егер орағытпа бұранданы реттеу мүмкіндігі жоқ болса, реттеу әрекетін бастамай тұрып басқару панелін ағытыңыз.
3. Бұрағыштың көмегімен орағытпа бұранданы А реттеп бұраңыз. Орағытпа бұранданың А орналасатын орны үлгіге байланысты.



Табиғи газдан сұйылтылған газға ауыстыру

1. Орағытпа бұранданы шегіне дейін қатайтыңыз.
2. Тетікті орнына қайта қойыңыз.
3. Құрылғыны электр тоғына қосыңыз.

Сұйылтылған газдан табиғи газға ауыстыру

1. Орағытпа бұранданы шамамен бір қадамға А ағытыңыз.
2. Тұмшапеш функцияларының тетігін қайта салыңыз.
3. Құрылғыны электр тоғына қосыңыз.


ЕСКЕРТУ!
Ашаны розеткаға барлық бөлшектерді өз орындарына қойып болғаннан кейін ғана сұғыңыз. Жарақат алу қаупі бар.

4. Оттықты жағыңыз. "Тұмшапеш - Әркүндік қолдану" тарауын қараңыз.
5. Тұмшапеш функцияларының тетігін ең төмен қалпына бұраңыз.
6. Тұмшапеш функцияларының тетігін қайта алыңыз.
7. Орағытпа бұранданы жалын кішірейіп, тұрақты шығып тұрғанша баяу бұраңыз.
8. Тұмшапеш функцияларының тетігін қайта салыңыз.
9. Тұмшапеш функцияларының тетігін газ берілімінің ең үлкен мәніне қойыңыз да, тұмшапешті кем дегенде 10 минут қыздырыңыз.
10. Тұмшапеш функцияларының тетігін газ берілімінің ең үлкен мәннен ең кішкене мәніне жылдам бұраңыз.


Жалынды бақылаңыз. Тетікті газ берілімінің ең үлкен қалпынан ең кіші қалпына бұрағанда, жалынның өшіп қалмайтынына көз жеткізіңіз. Тұмшапеш оттығының шілтерінен жалын аз мөлшерде тұрақты шығып тұруға тиіс. Егер жалын өшсе, тұмшапештің оттығын қайта реттеңіз.

14.16 Газ гриль инжекторын ауыстыру

1. Гриль оттығын А ұстап тұратын бұрандаларды босатыңыз.




2. Оттықтың инжекторын 7 мм гайка кілтімен босатып, орнына дұрысын салыңыз.



3. Оттықты осы әрекеттерді кері ретпен орындап салыңыз. Бұранданы қатайтпай тұрып, оттықтың артқы панельге дұрыс тіреліп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Гриль инжекторларын тексеріңіз.

14.17 Құрылғының деңгейін реттеу




Құрылғының деңгейін басқа құрылғылармен дәлдеу үшін құрылғының астындағы кішкене тіректерді қолданыңыз.

14.18 Электртоғына қосу

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауындағы сақтық шаралары орындалмаған жағдайда, өндіруші жауапкершілік көтермейді.

Бұл құрылғы негізгі қуат сымымен және негізгі ашамен жабдықталған.

ЕСКЕРТУ!
Қуат сымы құрылғының суретте көрсетілген жеріне тиіп тұрмауға тиісті.



15. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР

Белгі ♺ салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиян келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі 🗑 салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

Осы өнімнің өндірілген күні сериялық нөмірде көрсетілген, оның бірінші нөмір саны өндірілген жылдың соңғы санына, екінші және үшінші сандар аптаның реттік нөміріне сәйкес келеді. Мысалы, 730112345 сериялық нөмірі өнім 2017 жылдың отызыншы аптасында өндірілгенін білдіреді.

Өндіруші: Electrolux Appliances AB, St. Göransgatan 143, 105 45 Stockholm, Швеция

Импорттаушы, жеткізуші және ұйымның өндіруші уәкілетті: ООО «Электролюкс Рус» Кожевнический проезд 1, 115114, Москва/Мәскеу, Ресей, тел.: 8-800-200-3589

Румыния жасалған

СОДЕРЖАНИЕ

1. СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ....33
2. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ....35
3. ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ....39
4. ПЕРЕД ПЕРВЫМ ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ....40
5. ВАРОЧНАЯ ПАНЕЛЬ - ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ....41
6. ВАРОЧНАЯ ПАНЕЛЬ – УКАЗАНИЯ И РЕКОМЕНДАЦИИ....42
7. ВАРОЧНАЯ ПАНЕЛЬ - УХОД И ЧИСТКА....43
8. ДУХОВОЙ ШКАФ - ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ 44
9. ДУХОВОЙ ШКАФ - ФУНКЦИИ ЧАСОВ....46
10. ДУХОВОЙ ШКАФ - ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ПРИНАДЛЕЖНОСТЕЙ....46
11. ДУХОВОЙ ШКАФ – УКАЗАНИЯ И РЕКОМЕНДАЦИИ....47
12. ДУХОВОЙ ШКАФ - УХОД И ЧИСТКА....51
13. ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ....54
14. УСТАНОВКА....55

МЫ ДУМАЕМ О ВАС

Благодарим вас за приобретение прибора Electrolux. Вы выбрали изделие, за которым стоят десятилетия профессионального опыта и инноваций. Уникальное и стильное, оно создавалось с заботой о вас. Поэтому когда бы вы ни воспользовались им, вы можете быть уверены: результаты всегда будут превосходными.
Добро пожаловать в Electrolux!
На нашем веб-сайте вы сможете:



Найти рекомендации по использованию изделий, руководства по эксплуатации, мастер устранения неисправностей, информацию о техническом обслуживании:
www.electrolux.com/webselfservice



Зарегистрировать свое изделие для улучшения обслуживания:
www.registerelectrolux.com



Приобрести дополнительные принадлежности, расходные материалы и фирменные запасные части для своего прибора:
www.electrolux.com/shop

ПОДДЕРЖКА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И СЕРВИСНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Мы рекомендуем использовать оригинальные запчасти.
При обращении в сервис-центр следует иметь под рукой следующую информацию: модель, код изделия (PNC), серийный номер.
Данная информация находится на табличке с техническими данными.

⚠ Внимание / Важные сведения по технике безопасности.

ⓘ Общая информация и рекомендации

Информация по охране окружающей среды

Право на изменения сохраняется.

1. ⚠ СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Перед установкой и эксплуатацией прибора внимательно ознакомьтесь с приложенным руководством. Производитель не несет ответственность за травмы и повреждения, полученные/вызванные неправильной установкой и эксплуатацией. Позаботьтесь о том, чтобы данное руководство было у Вас под рукой на протяжении всего срока службы прибора.

1.1 Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями

⚠ **ВНИМАНИЕ!**
Существует риск удушья, получения травм или стойких нарушений нетрудоспособности.

- Данный прибор может эксплуатироваться детьми старше 8 лет и лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями и с недостаточным опытом или знаниями только при условии нахождения под присмотром лица, отвечающего за их безопасность, или после получения соответствующих инструкций, позволяющих им безопасно эксплуатировать электроприбор и дающих им представление об опасности, сопряженной с его эксплуатацией.
- Не позволяйте детям играть с прибором.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей.
- Не подпускайте детей и домашних животных к прибору, когда он работает или остывает. Доступные для контакта части прибора сохраняют высокую температуру.

- Очистка и доступное пользователю техническое обслуживание не должно производиться детьми без присмотра.

1.2 Общие правила техники безопасности

- Установка прибора и замена кабеля должна осуществляться только квалифицированным персоналом!
- Не эксплуатируйте данный прибор с помощью внешнего таймера или отдельной системы дистанционного управления.
- Оставление на варочной панели продуктов, готовящихся на жире или масле, может представлять опасность и привести к пожару.
